

- 11 Balandina N.V. *Sistema znacheni binominativnykh predlozheni v sovremennom ruskom iazyke* // *Semantika iazykovykh edenis: Dokl. V Mejdunarodnoi konferensii. T.2M., 1996.*
- 12 Arutunova N. D. *O nominativnom aspekte predlozhenia* // *Voprosy iazykoznanii. 1976 (1), №6.*
- 13 Tihova L.V. *Strukturno-semanticheskaia harakteristika predlozhenia s infinitivom v roli podlejasego v sovremennom ruskom iazyke. Avtoref. kand. filolog. nauk, Alma-Ata, 1971.*
- 14 Popov A.S. *Predlozhenia tipa "katAtsA veselo" i problema sintaksicheskoi neopredelennosti* // *Sintaksicheskie svAzi v ruskom iazyke: Mejevuz. tematich. sb. Vladivostok, 1978.*
- 15 Olozoeva Ia.V. *Osenka i modAlnost* // *Tendensii i razvitie gramaticheskogo stroia ruskiego iazyka, 1994.*
- 16 Lisochenko L.V. *Sinonimichnost sintaksicheski svAzannykh konstruksii s povtorami* // *Sintaksicheskie svAzi i otnosenia: Sb.st. Rostov na/D, 1972*
- 17 Arutunova N. D. *O nominativnom aspekte predlozhenia* // *Voprosy iazykoznanii. 1976(1), №6*
- 18 Kamynina A.A. *K voprosu o predlozheniah s kolichestvennymi slovami v sostave glavnykh chlenov* // *RAVS. 1961. №2*
- 19 Kostinski Iu.M. *Genetivnye subektnye konstruksii v sovremennom rus skom iazyke: Avtoref.dis. kand. fil. nauk. M., 1971.*
- 20 Ivanova V.F. *Spornye voprosy gramatiki i kolichestvennykh predlozheni* // *Sintaksis i stilistika. M., 1976. –kniga*
- 21 Babaiseva V.V., Nikolina N.A., Chirkina I.P. *Sovremennyi ruski iazyk* // *Analiz iazykovykh edinis: V 3ch. M., 1995. Ch.3.*
- 22 Severgina E.V. *Eksplikasia osenki pri sipolzovanii kolichestvennykh predlozheni v rechi* // *Sovremennye pragmaticheskie issledovania romanskih, germanskih i ruskih iazykov: Sb. st. Voronej, 1996.*
- 23 Borovikova N.A. *osobnosti predikatov, upotreblAiusthsA s semanticheskim subektom v forme roditelnogo padeja bez predloga* // *AktuAlnye problemy rusistiki 1997.*

МРНТИ: 16.21.55

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.26>

Сембаева А. Г.,¹ Ескермесова Г. А.²

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛДІҢ НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада поэтикалық мәтінге жаңаша талдау жасау әдісі ұсынылады. Поэзия тілінің адамның санасына, соның ішінде гипнотикалық тіл паттерндері мен сенсорлық предикаттардың негізінде түпсанаға ықпал ету қасиеті айқындалған. Сондай-ақ, поэтикалық нейролингвистикалық қуаты сипатталады. Нейролингвистикалық бағдарламалық зерттеулердің теориялық және практикалық маңызы қарастырылған. Қазақтың өлең жырларын нейролингвистикалық бағдарламалық мақсаты мен мазмұндық тұрғысынан классификация жасалған. Поэзиянытілінің нейролингвистикалық тұрғыдан тыңдаушыға әсер ету факторлары көрсетілген. Нейролингвистикалық бағыттың басқа бағыттардан басты айырмашылықтары айқындалып, адамдар арасындағы тілдесу үдерісінде коммуникацияның мазмұнына әсер ету қасиетіне аударылған. Сөйлеу мен ойлау, ес, зейін сияқты психологиялық әрекеттер өзара байланыста қарастырылып, поэтикалық тілдің қарым-қатынасқа түсуші реципиенттердің психологиясына әсер етуші психоллингвистикалық-коммуникативтік ерекшеліктері ашылған. Поэзия, жыр-дастандар тілінің нейролингвистикалық, магиялық қуатының мол екендігі, тыңдаушыны иландыру белгілі бір әрекеттерге жұмылдыру, ізгілікке шақыруға, сонымен қатар, тіл арқылы манипуляция жасауға да болатыны жөніндегі ғалымдардың тұжырымдары қарастырылды.

Түйін сөздер: НЛБ, нейролингвистика, поэзия, поэтикалық тіл, көркемдеуіш құралдар, антропология, аффирмация, мотивация, медитация

Sembaeva A.,¹ Eskemesova G.²

^{1,2} Kazakh national women's pedagogical university,
Kazakhstan, Almaty

NEURO-LINGUISTIC PROGRAMMATIC NATURE OF POETIC LANGUAGE

Abstract

The article considers a new method of analysis of the poetic text and defines the property of the language of poetry to influence the human consciousness, including on the basis of hypnotic language patterns and sensory predicates. The poetic neuro-linguistic power of poetic speech is also described. The theoretical and practical significance of neuro-

linguistic program research is considered. In the content point of view, the classification of the program neuro-linguistic prisoners and read their poems goal. factors of influence of poetry on the listener from the neuro-linguistic point of view are revealed. The main differences between the neuro-linguistic direction and others are highlighted and translated into the property of influencing the content of communication in the process of communication between people. The interrelation of psychological actions, such as speech and thinking, memory, psycholinguistic and communicative features of poetic language, their influence on the psychology of communicants are considered. The scientific conclusions of scientists about the magical and neuro-linguistic power of poetic language are considered.

Keywords: NLB, neuro-linguistics, poetry, poetic language, artistic means, anthropology, affirmation, motivation, meditation

Сембаева А. Г.,¹ Ескермесова Г. А.²

^{1,2} *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

НЕЙРОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПРОГРАММНЫЙ ХАРАКТЕР ПОЭТИЧЕСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье рассматривается новый метод анализа поэтического текста. Определено свойство языка поэзии воздействовать на сознание человека, в том числе на основе гипнотических языковых паттернов и сенсорных предикатов. Также описывается поэтическая нейролингвистическая сила поэтической речи. Рассмотрено теоретическое и практическое значение нейролингвистических программных исследований. С содержательной точки зрения классификация программного нейролингвистического заключенных и прочитал свои стихи цель. выявлены факторы влияния поэзии на слушателя с нейролингвистической точки зрения. Выделены основные отличия нейролингвистического направления от других и переведены на свойство влиять на содержание коммуникации в процессе общения между людьми. Рассмотрена взаимосвязь психологических действий, таких как речь и мышление, память, раскрыты психолингвистико-коммуникативные особенности поэтического языка, их влияние на психологию коммуникантов. Рассмотрены научные выводы ученых о магической и нейролингвистической мощи поэтического языка.

Ключевые слова: НЛБ, нейролингвистика, поэзия, поэтический язык, художественные средства, антропология, аффирмация, мотивация, медитация

Кіріспе. Нейролингвистикалық бағдарламалаудың (НЛБ) негізгі тетіктері ретінде сөзді қабылдау, тәжірибені бағалау, сондай-ақ сыртқы немесе ішкі стимулдарға жауап берудің жаңа формаларын ашуға мүмкіндік беретін, сол арқылы әлем бейнесіне әсер ететін факторлар мен тілдік құралдарды атауымызға болады. Осыған байланысты, нейролингвистикалық бағдарламалауды адамның санасына әсер ету үшін қолданылатын тілдік әдістер жиынтығы ретінде қарастырамыз [1, 12]

Практикаға бағытталған басқа психологиялық пәндерден айырмашылығы - нейролингвистикалық бағдарламалау өмірдің әртүрлі салаларында: психотерапия, педагогика, медицина, бизнес, маркетинг, жарнама, басқарушылық және саяси кеңес беруде қоғам мен адам мәселелерін тез арада шешуге мүмкіндік береді.

Б.Қ. Ақбердиева тілді антропологиялық бағытта зерттеу барысында тіл және адамның рухани белсенділігі; тіл мен ойлау; тіл және адам физиологиясы; тіл және индивид психологиясы; тіл және мәдениет; тіл және таным; тіл және қоғам; тіл және жалпыхалықтық құндылықтар; тіл және коммуникация сияқты мәселелерді алға қою керек дейді [2, 74].

Адам санасында тұтас күйінде қайталанып өмір сүріп отыратын ғалам бейнесін жүзеге асыратын – тіл. Адам баласының тілі адам – әлем қатынасының нәтижесінде пайда болатын жалпы адамзатқа ортақ әлемдік бейне тіл – ойлау бірлігінің көрінісі болып саналады

Өнердің басқа түрлерімен салыстырғанда, поэзия тілі музыка саласымен етене байланысты. Себебі, ритм құру, дыбыстық қатарларды ойнату тәсілдері жиі қолданылады. Versus (лат.тілінен аударғанда “өлең, такпақ”) қатар, тізбек және бұрылыс деп те аударылады.

Тілдің кеңістік пен уақытқа қатысты тізбектік қатары поэзия мен прозада қайталанып келіп, бастапқы формасына оралады. Осылайша тек көлденең бағытта ғана емес, тік бағытта да ассоциативтік байланыс орнайды.

Тіл ежелгі сиқырлы жоралғылардың жадын сақтайды, бірақ біз сөйлеу формулалары бізге қандай әсер ететінін жиі түсінбейміз.

Тілдік қарым-қатынас тәжірибесі эмпирикалық деректер жіктеу негізінде алынған білімді бақылау, өлшеу, эксперимент және жалпылау, білім арқылы қабылданған ақпаратты жинақтайды.

Тәжірибенің тасымалдаушысы бола отырып, адам өз ойлары мен нанымдарын толықтырады және модельдейді. Сонымен қатар, тіл тәжірибе алған білімді құрылымдауда, әлемді тұжырымдау және тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдауда да маңызды рөл атқарады.

Тіл – ана сүтімен келіп, ұлттық-тілдік ортаның құнарынан өрген құбылыс болса, поэзиядағы әсер – Жаратушы иенің күшімен болған кез-кеген табиғи дыбысты тіл мен образ арқылы сазды сөзге түсіріп, үндестіре берумен байланысты. Яғни жай сөзге қарағанда, ұқсату, теңеу, көркемдеу тәсілдері арқылы ойды бейнелі беретін поэзия тілінің санаға әсер ету қуаты айрықша болатыны заңды құбылыс.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. XX ғасырдағы психолингвистикалық зерттеулер поэтикалық тілдің суггестиялық ерекшеліктерін айқындауға ықпал етті. Н. Хомский ұсынған тілдің терең және үстірт құрылымдары теориясы тілдегі кез-келген сөздің түпсанадағы сұлбасы болатынын ескертсе, нейропсихолог ғалымдар адамның әрбір ДНК клеткасында генетикалық ақпарат қоймасы бар екенін дәлелдеді [3, 142]

Американдық ғалым Нилсон “егер мида екі жасқа дейінгі қажетті тәжірибелер яғни махаббат, қарым-қатынас, стимул болмаса ми жұмысы тежеледі” деген пікір айтады [3,106].

Нәресте үшін ана сүтінің маңызы қандай болса, бесік жыры да дәл солай құнды. Сәби миындағы нейрондар даму үшін, бесік жырынан артық дәрумен таппайсыз. Мұны әлем ғалымдары да дәлелдеп отыр. Ендеше адамның поэзияға деген құштарлығы генетикалық код арқылы берілетін тылсым құбылыс.

Поэтикалық тілдің нейролингвистикалық әсеріне төмендегіше жіктеп қарастыруға болады:



Мотивация– бұл сыртқы және ішкі қозғаушы күштердің жиынтығы, олар адамды белгілі бір қызметке итермелейді, шекараларға және қызмет формаларына сұрау қояды және осы қызметке белгілі бір мақсаттарға жетуде бағыт береді [4,87]

Біреуді сендіру немесе қызығушылығын ояту барысында жоғарғы деңгейдегі, әсерлік қуаты мол тілдік бірліктерді өте пайдалы. Осы орайда поэзия тілі эмоцияны сездіру, сезім мен жалынды білдірумен қатар, аудиторияны үйіріп әкету, игеру, иландыру үшін таптырмас құрал болып табылады. Бұл поэзия тілінің нейролингвистикалық пайдалану барысында: тыңдаушыға жақындық пен қарап айту, дауыстың қаттылығы, сезімталдық, дауыс ырғағы, көпжақтылық сияқты факторлар да әсер етеді. Бұл жөнінде, ғалым.....: “Поэтикалық мәтіндерде қолданылатын лингвистикалық құралдардың ішінде хабарламалардың ұсынымдық және прагматикалық әсерін күшейтетін трюизмдер, алдын-алу, сұрақтар мен шартты сөйлемдерде жасырылған ынталандыру құрылымдары ерекшеленеді. Себебі, поэзия тілінде семантикалық қарама-қайшылықтарды, қайталаулар, сондай-ақ символикалық бейнелерді жасауға ықпал ететін тілдік құралдар көптеп қолданылады” - дейді [5,134] Яғни, поэтикалық тілдің санаға әсер ету қабілеті, нейролингвистикалық әлеуеті жоғары.

Абай, ғұлама Шәкәрім, қазақтың әулиесі атанған Мәшһүр Жүсіп шығармалары өз өміршеңдігін жоймайтын құнды мұра. Бұлардың алдындағы шығыстың жарық жұлдызы атанған Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Жүсіп Баласағұн еңбектері, одан соң даналық пен парасаттылыққа құрылған жырау бабаларымыздың толғаулары бүгінгі күні жас ұрпақты ізгілікке, оқу-білімге шақырып, ізгілікке бағыттауда таптырмас мотивациялық құрал. Мысалы,

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамас- ты. (*Міржақып Дулатұлы*)

Немесе Мағжан Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін» өлеңін алайық:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!

“Өлеңдегі оян қазақ, көтер басты, енді жату жарамас-ты” тіркестері әр адамның санасына ойтүрткі – стимул болары сөзсіз.

Макс Мюллер былай дейді: «Язык существует в человеке: он живет, если им говорят, умирает с каждым словом, которое произнесено и не слышится» Бұл екі анықтамаларынан тілдің қоғамда ғана дамитындығын, адам сөйлесе, сол тіл тірі, ал өзінің сөзін өзге адамға жеткізе алмаса, сөзі естілмесе тілдің жойылатындығын көреміз. Ал сөйлеу барысында сөзін жеткізу, екінші адамға өткізу кезінде нейролингвистикалық бағдарламалау тәсілінің атқарар қызметі аса зор. Мысалы:

...Сен жыладың,
Мен бірақ селт етпедім,
Білем сені тағдырдың ерке еткенін,
Білем сені — өр көңіл, жомарт едің,
Енді бүгін... қалай бұл кер кеткенің?
Жә, жә, жарар,
Өткен күн оралар ма,
Қарау керек, бауырым, саған алға.
Басындағы бөрік пе, орамал ма?...
Жігітке арман жеткізіп пе еді
Өз сорын өзі жеңбесе.
Өмірдің барлық сәтсіздіктері
Бақытсыздық емес, ендеше! (М.Шаханов)

Нейролингвистикалық бағыттың басқа бағыттардан басты айырмашылықтарының бірі – адамдар арасындағы тілдесу үдерісінде коммуникацияның мазмұнына баса назар аударатындығында. Сөйлеу мен ойлау, ес, зейін сияқты психологиялық әрекеттердің өзара байланысын зерттей отырып, адамдардың сөйлесу формаларын, вербальды және вербальды қарым-қатынасы кезіндегі мінез-құлқын модельдеу (көшірмелеу) техникасын зерттеуді мақсат етеді. Сонымен қатар, қарым-қатынас неғұрлым тиімді болу үшін, қарым-қатынасқа түсуші рецепиенттердің тілдесу психологиясына терең мән беріп, тілдесудің қыр-сырын нейропсихологиялық тұрғыдан қарастырады.

Тіл жеке адамның еншісі ғана емес, ол бүкіл адамзатқа ортақ қоғамдық құбылыс. Тіл арқылы әр қоғамның ғасырлар бойына жинақтаған рухани мұрасы ұрпақтан ұрпаққа (ауызекі — фольклорда, жазба түрде) жеткізіліп отырады. Осы орайда, нейролингвистикалық бағдарламалық сипаты басым, миға, санаға әсер етушілік қуаты мол мотивациялық жырлардың қатарына қазақтың көңіл айту дәстүріне сай көңілқұс жырларын жатқызуға болады. Мысалы, жоқтауға тоқтау болатындай Оспанқұл ақынның Кененге көңіл айтуын алайық:

Атеке, атеке,
Ассалаумағалейкум,
Аманбысың, Кененім.
Амандаса кеп едім.
Алатауды жаңғыртты
Зарлап айтқан өлеңің.
Қайтыс бопты қайтесің
Базар-Назар бөбегің.
Жал-құйрығың жетілсін.
Өткенге кім өкінсін.
Ата-анаңнан айрылған
Өзің де Кенен жетімсің.
Өзі беріп, өзі алған
Жалғанды кім жекірсін.
Әйелің тағы ұл туып,
Мойныңа қайта секірсін.
Елуге келген жасың бар,
Көк ала сақал, шашың бар.
Түскен тұман жарқ етіп,
Шыққан күндей ашылар.

Жырдағы “Әйелің тағы ұл туып, мойныңа қайта секірсін” немесе “Түскен тұман жарқ етіп, шыққан күндей ашылар” деген жолдардан поэтикалық тілдің жан-жарасын жазардай, тіріге ой салардай мотивациялық қуаты бар екенін аңғарамыз.

Нәтижелер. Нейролингвистикалық бағдарламалау – сөздің жігерлігінің, қуаттылығының, қайраттылығының, пәрменділігінің, қарқындылығының, дәрменділігінің әр алуан түрлерін өндіру, пайдалану, түрлендіру, тасымалдау мәселелерін зерттейтін ғылым саласы. Кез келген ұлт әдебиетіндегі секілді жалбарыну мәнді тіркестер, шумақтар мен арнаулар төл әдебиетімізге де ежелден етене екендігін жоғарыдағы талдаулар айқын танытады. Мұндай жырлардың да нейролингвистикалық, психолінгвистикалық сипаттары айрықша болып келеді [5, 89].

Талқылау. Ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт “Тіл әрекет жемісі емес (Ergon), іс- әрекет (Energeia)” деп атап көрсетті. Ол тілдің қуатына қатысты: “Язык есть не продукт деятельности, а деятельность...”- деген пікір айтады. Филолог ғалым Юрий Анатольевич Левицкий: “тілдің өмір сүру тәсілі – үздіксіз іс-әрекет” дегенге саяды. Олай болса, Energeia сөзінен шыққан деятельность сөзінің мағынасы - қызмет, іс-әрекет екенін айта келе, тілді қызмет ретінде пайымдау керек екенін қадап айтқан абзал [6, 104]- деген тұжырымға келеді.

Осы орайда, тілді тек өзгені ғана емес, адамның өзін-өзі жасылыққа бастау, жақсы арнаға бұру, мақсаттарын айқындау, армандарының орындалуына ықпал етуші құрал ретіндегі нейролингвистикалық қызметін баса атап өткізіміз келеді. Психологияда бұл құбылыс - аффирмация (латын тілінен аударғанда - "растау") – деген ұғымды білдіреді. Поэтикалық тілдің аффирмациялық түріне мысал ретінде, С.Торайғыровтың келесі өлеңінің алсақ болады:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, Күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін!
Еңбек, бейнет тарауы
Рақатқа сарқылар.
Қыздырып Күннің қарауы
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер.
Тұрмыс, тағдыр — бірі де
Бұл мақсаттан бұра алмас.

Ақын өлең жолдарынан поэтикалық сөз қуатының адамның жақсылыққа, ізгілікке сенуіне, өзі-өзіне деген сенімділігінің артуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар жұртының болашағынан зор үміт күттіретін сөздердің құдыреті ұлы мақсаттарға қол жеткізуге түрткі болатынын байқаймыз.

Сол сияқты ақын Гүлнар Салықбайды өлең жолдары адамның бақыты өз қолында екенін

Жүдетсе де дүниенің жыртығы,
Көңілді аулап Күннің қызыл кірпігі.
Айдың аппақ сәулесіне оранып,
Мен бақытты бола салам бір күні!
Көкке ұшырып сұлу сөздің төресін,
Көктем келер қуып қайғы елесін.
Сәл мұңайып келе жатып,
Бір күні
Мен бақытты бола салам –
Көресің!

Көне үнді философиясына сүйенсек, айтылған идеялар кешені қалыптасқан ойларды қамтиды. Панини, өзінің граматтиканы зерттеуге арналған еңбегінің өзінде қалай дұрыс сөйлеп, сөйлемді қалай дұрыс құруды үйретеді. Философиялық тұрғыдан алғанда ақыл, ой және сөйлеудің арасында, ақыл мен тән арасында, сондай-ақ ақыл мен жан арасында тығыз байланыс бар екені дәлелденген. Олардың арасында үйлесім болса, дені сау, ақылы бүтін, ойы мен сөзі дұрыс тұлға қалыптасатыны белгілі.

Сөздің әсер ету, сендіру ықпалына арнайы ғылыми тұрғыдан пікір келтірген, зерттеу объектісіне жол ашқан зерттеу еңбектері баршылық. Профессор Г. Смағұлова “тіл білімінде сөзбен адамды сендіру, иландыру тіпті ұйғытып тастау сияқты тілдік қасиеттерді суггестиялық лингвистикада қарастырады. Мұндай тілдік фактілер қазақ ауыз әдебиетінде біршама жиналып, әдеби жанрлық ерекшеліктері жағынан зерттелген” [7, 81],

– дейді. Әсіресе, медитациялық (мінәжат), суггестиялық сипаты айқын сөздер қазақ тіліндегі бата-тілек сөдерін жатқызуымызға болады. Батаның, тілектің көп жағдайда өлең-жырлар арқылы берілетіні белгілі. Сондай-ақ ғалым: “...тілек бата сөздерінің, әсіресе тыңдаушы үшін тілдік ықпалы ерекше. Тілек-бата сөздері алдымен субъектіге қаратылып ауызша айтылатындықтан, мәтін мазмұны көпшілік қауымның құлағына сіңіп, жадында сақталады. Ал ұзақ уақыт бойы санадан өшпей, керісінше әр тақырып, мазмұн аясында қайталана отырып, тыңдаушының ой-сезімінде жаңғыра түсуі осы аталған сөздердің адам психикасына қатты әсер етіп, сендіруі мен иландыруынан”, – деген пікір келтіреді [7, 81].

Көнеден жеткен ауыз әдебиеті үлгілері, әсіресе эпостық жырлар мінәжатсыз келмейді десек, қателеспейміз. Дегенмен жазба әдебиетіміздегі мінәжат жырларының дербес жанр ретінде тұтастай тұлғалануы Йасауи хикметтерінен басталды деуге негіз бар. Тәңіріге жалбарыну, рухтардың желеп-жебеуін, тылсым күш иелерінің жарылқауын тілеу мәніндегі шумақтарды мінәжат жырларының ауыз әдебиетіндегі алғашқы нұсқалары ретінде қабылдауға болады. Белгілі жазушы, әдебиет зерттеушісі М.Әуезов “Әдебиет тарихы” еңбегінде алғашқы діни наным-сенімдердің туындауы туралы айта келіп: “Табиғат басшысын қадірлеу, құдайға дұға оқып, жалбарыну әдеті туады.

Әдебиеттанушы И.Жеменей парсы әдебиетінде “мінәжат” сөзінің бес түрлі мағынасы бар екендігін көрсетеді:

1. Біреумен сырласу, сыбырласу.
2. Алламен сырласу.
3. Біреудің ішкі ойын ұғыну.
4. Сырласу.
5. Алладан тілеу

Мысалы:

Тұра берсін жерім аман, тауым да аман;
Аман жүрсін досым да, жауым да аман;
Адам түгіл, шөптер мен жәндіктердің,
Қиналғанын сезіну - ауыр маған...

Көңілім бар ешкімге тарылмаған,
Аман болсын жат адам, бауыр да аман,
Адам түгіл, түп-тұнық мына аспаннан,
жұлдыз ағып құласа - ауыр маған...

Далам да аман тұрса екен, бауым да аман,
Қалам да аман тұрса екен, ауыл да аман.
Бір адамның өлгенін естіп қалу –
Өзім өліп қалғаннан ауыр маған.
(А.Елгезек. «Мінәжат»)

Немесе:

...Тілейтінім ал енді,
Бар болғаны үш тілек:
Бірінші:
Үзілген бодан ноктасы,
Еркіндіктің қақпасы.
Түркілер алтын бесігі –
Ұлы Даламды сақташы.
...Таусылмас айтсам мың күн жыр,
Тағы да дүркін-дүркін бір.
Өзіңнің адал Үмбетің
Қазақты шаңнан сілкіндір!
Мединада – Мұхаммед,
Түркістанда – Қожа-Ахмет,
Маңғыстауда – Пір Бекет!
Тілегенім үш тілек,
Тілегімді қабыл ет!!!
(Айтуар Өтегенов. “Тіледім тілек”)

Қорытынды. Сөз негізінен екі қызметті атқарады коммуникативтік, сигнификативтік. Осы қызметтеріне орай сөз тілдесу құралы және ой мен сананың көріну формасы ретінде танылады. Сөз – бұл дыбыс, белгілі бір

мағынаға ие дыбыстар толқыны. Ол біздің миымыздың ең мықты қаруы. Кез келген қаруды жақсылыққа да, жамандыққа да пайдалануға болатыны сияқты, сөзді де қару ретінде жұмсауға болады. [3,4]

Тіл - сөйлесу құралдарының қатаң қалыпқа келтірілген жүйесі, ал сөйлеу – ой мен сезімді жеткізуге арналған тілдің екеуара қатынасты әрекеттік қолданылымы. Тілдің өзінде мағына, ой болмайды, ол тек ойды өрнектеуге арналған әртүрлі таңба, белгілердің жиынтығынан тұрады. Ал осы қордан сөйлеу үшін қажетті белгілі тілдік құралдар іріктеліп алынған шақта ғана, ой білдіру мүмкіндігіне ие боламыз.

Біреуді сендіру немесе қызығушылығын ояту барысында жоғарғы деңгейдегі, әсерлік қуаты мол тілдік бірліктердің қолданылуы заңды құбылыс. Осы орайда поэзия тілі эмоцияны сездіру, сезім мен жалынды білдірумен қатар, аудиторияны үйіріп әкету, игеру, иландыру үшін таптырмас құрал болып табылады. Бұл поэзия тілінің нейролингвистикалық бағдарламалық тұрғыдан пайдалану барысында: тыңдаушыға жақындық пен қарап айту, дауыстың қаттылығы, сезімталдық, дауыс ырғағы, көпжактылық сияқты факторлар да әсер етеді. Поэтикалық мәтіндерде қолданылатын лингвистикалық құралдардың ішінде хабарламалардың ұсынымдық және прагматикалық әсерін күшейтетін трюизмдер, алдын-алу, сұрақтар мен шартты сөйлемдерде жасырылған ынталандыру құрылымдары ерекшеленеді. Себебі, поэзия тілінде семантикалық қарама-қайшылықтарды, қайталаулар, сондай-ақ символикалық бейнелерді жасауға ықпал ететін тілдік құралдар көптеп қолданылады. Яғни, поэтикалық тілдің санаға әсер ету қабілеті, санаға әсер ету әлеуеті жоғары.

Әйгілі ақын Шәкәрім Құдайбергенұлының келесі өлең жолдарында:

“Жыр, өлең, насихат сөз, мақал, тақпақ,

Тауып айтса дауасыз дерттің емі” деп поэтикалық тілдің қуатты сарыны мен санаға әсер ету мүмкіндігінің меңзеп тұрғандай.

Қорыта келгенде, қазақ халқы жаратылысынан сөзге тоқтаған, қара сөздің қадірін түсінген халық болғандықтан, поэзияның адамның сана-сезімін оятуға, болашақ жолын ашуға, көгеріп көктеуге тікелей әсер ететін сөздің ең асылы, қасиеттісі деп санап өлең-жырдың қасиеті мен құдіретіне иланған.

Пайдаланылған әдебиетте р тізімі :

- 1 Аскерова Т.А. *Теоретические основы нейролингвистического программирования и роль языка и опыта в его структуре // Научное мнение, 2015, №8, с.110-113.*
- 2 Ақбердиева Б. *Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік танымдық құрылымдар. // Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 2000, 114 б.*
- 3 Хлыстова А.В. *Поэтическая модель подсознательной коммуникаций в лирике Осипа Манделштама// Автореферат диссертаций на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Москва, 2007г.*
- 4 С. Шипунов. *Энергетика речи. Часть 2. М:2007- 288 С.*
- 5 Кара-Мурза С.Г. *Манипуляция сознанием. –М: Издательство – ЭКСМО, 2006 - 832 стр.*
- 6 Боронникова, Н.В. *История лингвистических учений. Москва: Директ-Медиа, 2013. – 524 с*
- 7 Смағұлова Г.Н. *Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: Триумф «Т», 2007. – 152 б.*

References:

- 1 Askerova T.A. *Teoreticheskie osnovy neirolingvisticheskogo programirovaniya i rol iazyka i opyta v ego strukture // Nauchnoe mnenie, 2015, №8, s.110-113.*
- 2 AKberdieva B. *Leksika-frazeologialyK juiedegi miftuk tanyndyK Kurylymdar. // KandidattyK disertasiyanyn Koljazzbasy. Almaty, 2000, 114 b.*
- 3 Hlystova A.V. *Poeticheskaiia model podsoznatelnoi komunikasi v lirike Osipa Mandelstama// Avtoreferat disertasi na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk. Moskva, 2007g.*
- 4 S. Sipunov. *Energetika rechi. ChAst 2. M:2007– 288 S.*
- 5 Kara-Murza S.G. *ManipulAsia soznaniem. –M: Izdatelstvo – EKSMO, 2006 – 832 str.*
- 6 Boronnikova, N.V. *Istoria lingvisticheskikh ucheni. Moskva: Direkt-Media, 2013. – 524 s.*
- 7 Smagulova G.N. *Korkem mAtun lingvistikasy. – Almaty: Triumf «T», 2007. – 152 b.*